

**Педагог-психолог жұмысының  
жылдық есебі**

**2022-2023 оқу жылы**

**№39 «Қызылөзек» орта мектебі педагог-психологтарының 2022-2023 оқу жылында жүргізген жұмыстарының жылдық есебі**

2022-2023 оқу жылының басында психологиялық қызмет орталығының құжаттары, жылдық жоспары жасалынып, мектеп директорының мөрімен бекітілді. 15.09.2022 жылғы №200 санды «Психологиялық қызметтің жүргізілуін бекіту туралы» мектеп директорының бұйрығы шығарылып, психологиялық қызмет тобының құрамы бекітілді. Жылдық жоспар жасалынып бекітілді.

Мектебіміздегі психологиялық қызмет орталығының негізгі мақсаты: білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Мектеп психологтары - Калмаганбетова Саулеге – 1-4 сыныптар бойынша, Абилова Айнурға – 5-11 сыныптар бойынша жұмыс жасау мақсатында лауазымдық міндеттер жүктелді.

Психологиялық қызмет орталығы төмендегідей бағыттарда жұмыс жүргізеді:

1. Диагностикалау бағыты
2. Түзету-дамыту бағыты
3. Консультация беру (кеңес беру) бағыты
4. Профилактика және психологиялық ағарту бағыты
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс бағыт

Әдеттегідей оқу жылының басында, яғни тамыз айында психологиялық қызмет жұмысының құжаттары, бала дамуының психологиялық картасы, психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалынып, бекітілді.

1-сынып оқушыларын мектепке қабылдап, үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушылардың құжаттары жинақталды. Әлеуметтік педагогпен бірлескен жоспар жасалынып, өгей әке, өгей анамен тұратын балалар анықталып, тізімі жасалынды.

Қыркүйек айының басында 08.09.2022 күні оқушылардың өмір қауірсіздігі, жаңа оқу жылының басталуы жайлы «Балалар үшін бірігейік» жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында мектеп психологы А.Абилова сөз алып «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында баяндама жасап, баламен үнемі жағымды қарым-қатынаста болуларын басты назарға алу керектігі жөнінде айта келе, баламен қарым-қатынастағы біршама ережелерге тоқтала кетті. Одан әрі, мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс жасау бағыттарын айта келе, осы бағыттың бірі психодиагностикалық бағыт жұмыстарын жүргізу үшін ата-ананың рұқсаты керектігі жөнінде айтты. Осы мақсатта біршама жұмыстар жүргізу жөнінде сынып жетекшілер мен ата-аналарға бағыт бағдар берілді.

Сонымен қатар 13 қыркүйек күні мектебіміздің ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдеріне кеңес берілді.

**Мақсаты:** мұғалімдердің оқушылар мен тиімді әдістері жөнінде пікір алмасу

Алғашқы сөзді оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Сарманова ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сабақ барысындағы балалардың психологиялық дайындығы, ата-ана мұғалімнің өзара бірлескен ұйымдастыру жұмыстарының барысы жақсы нәтиже беретін туралы ой-пікірін айтып өтті. Пән мұғалімдерінің сабақ кестелері, жоспары, қмж-ларының болуы, ата-анамен байланыс дәптерлері, көрнекіліктерінің болуын тексере кетті. Келесі сөзді мектеп психологы

С.Калмаганбетова алып пән мұғалімдеріне баланың денсаулығына қарай жеңілдетілген тапсырмалар беріп балаға жақсы көңіл-күй сыйлау керек екенін атап өтті. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың психологиялық жолдарын түсіндіре отырып, баланың таным, қабылдау ерекшеліктеріне қарай тиімді әдістерді қолдана отырып жұмыс жасау жайында кеңес берді.

Жоспар бойынша 1,5,11 сыныптармен қыркүйек айының тренингтері, сауалнамалар жүргізілді.

Қазан айында «Жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау мақсатында 7-11 сыныптар арасында DASS шкаласы сауалнамасы, 5-6 сыныптардан НСВ сауалнамалары алынды.


Сауалнама кесте құра отырып 4 апта бойы жүргізілді.

5-7 сыныптар бойынша барлығы 116 оқушы. Оның 114 осы әдістемеге қатысты. 2 оқушының әдістемеге қатыспау себебі бұл оқушылар үйден оқытылады. Нәтижесінде 1 оқушы мектепшілік бақылауға алынды.


8-11 сыныптар бойынша барлығы 139 оқушы. Оның 137 осы әдістемеге қатысты. 2 оқушының әдістемеге қатыспау себебі бұл оқушылар үйден оқытылады. Нәтижесінде 1 оқушы мектепшілік бақылауға алынды.

Бұл оқушыларға жеке жоспар жасалынып, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.


Қазан айында мектеп педагогтарымен «Ұстаздың ұлы мұраты» тақырыбында тренинг жүргізілді. Мақсаты: мұғалімдерді жаңа оқу жылының басында ұжымдастыру, көңіл-күйлерін көтеру, жағымды ахуал қалыптастыру.



Қараша айында 5-7 сынып оқушыларымен «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында семинар-тренинг болып өтті. Мақсаты: оқушыларға буллинг, кибербуллинг сөзінің мағынасын түсіндіру, оны болдырмаудың алдын алу.



Желтоқсан айында жастар денсаулық орталығының мамандарымен «Өз өмірім өзіме құнды», «Болашақ сізбен біздің қолымызда» тақырыптарында кездесу ұйымдастырылды.



Қаңтар айында бірлескен жұмыс бойынша әлеуметтік педагогпен әлеуметтік тұрғыда жағдайы төмен отбасы балаларын психологиялық қолдау мақсатында өгей әке, өгей анамен, ӨҚЖ оқушылардың отбасымен байланыс жасалды.

Ақпан айында мектеп психологтарының ұйымдастыруымен "Сиқырлы әлем" психологиялық апталығының ашылуы болып өтті. Апталықтың мақсаты: оқушылардың психологиялық саулығын сақтау және нығайту, оқушылардың өз өміріндегі, адамдардың өміріндегі психологияның рөлі мен орны туралы ойларын қалыптастыру және дамыту, мектеп оқушыларының бойында татулық сезімдерін қалыптастыру;



Наурыз айында мектебімізде «» тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Сол семинардың ашылуында мектеп психологтары А.Абилова мен С.Калмаганбетова «Алғысың алғыс болып қайтады» деген тақырыпта тренинг жүргізді. Мақсаты: келген қонақтардың көңіл-күйін көтеру, қарым-қатынастарын жақсарту, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.







Сәуір айында қала мектептері арасында «Заманауи білім берудегі психологиялық қызметтің даму негіздері мен қазіргі қоғамдағы маңызы» тақырыбында Абай атындағы мамандандырылған мектеп базасында облыстық семинар болып өтті. Семинар барысында №39 мектеп психологтары А.Абилова мен С.Калмаганбетова қала психологтарынан құрылған хорға қатысып «Жантану» әнін орындады.



Мамыр айының аяғында №39 "Қызылөзек орта мектебінде" жауапты педагогтардың бастамасымен "1 маусым - Балаларды қорғау күніне" орай ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды RANCHO83 хайуанаттар бағында серуендеу ұйымдастырылды. Хайуанаттар бағында балалар экзотикалық құстарды, қояндарды, түйеқұстарды көріп тамашалады, азықтандырды. Балалар мен жануарлардың арасындағы байланыс ерекше әсер қалдырды. Саябақтан соң балаларымызға мерекелік дастархан жайылып, балалардың көңілі көтеріліп қайтты. Демеушілік жасаған мұғалімдерге үлкен алғысымызды білдіреміз! Әр бала бақытты болуға лайықты!



Сондай-ақ жыл бойына ЕББҚЕ балалары түрлі іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді.





Мектеп педагог психологтары:

*А.Абилова*

А.Абилова

С.Калмаганбетова